



«КЕЛІСІЛДІ»

«AZ GROUP LLC» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің  
бас директоры

Ә. Зәпір

2026 г.

«БЕКІТЕМІН»

«Астана дарыны» дарынды балалар  
мен талантты жастарды анықтау  
және қолдау орталығының басшысы

Ж. Бейсенбаева

2026 г.



## «ASTANA TECH CUP»

### РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

#### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бұл ереже Қазақстанда «Astana Tech Cup» халықаралық чемпионатының іріктеу кезеңін өткізу қағидаларын айқындайды және іс-шараның мақсатын, міндеттерін, өткізу және ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

1.2 «Astana Tech Cup» чемпионаты (бұдан әрі – Чемпионат) - 1-11(12) сынып оқушыларына, сондай-ақ колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған робототехника, дрондар, киберспорт және IT бағыттары бойынша өткізілетін ауқымды республикалық іс-шара.

1.3 Чемпионат таңдалған санатқа байланысты бірнеше кезеңнен тұрады.

1.4 Республикалық іріктеу кезеңі Астана қаласында (Қазақстан Республикасы) өткізіледі.

1.5 Халықаралық кезеңдер Түркияда (Анталия қаласы), АҚШ - да (Сент-Луис және Палм-Спрингс қалаларында) өтеді.

#### 2. НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

##### 2.1 Мақсаты

Қазақстандағы мектеп оқушылары мен колледждер және жоғары оқу орындары студенттерінің интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау, оларды технологиялар, робототехника, IT және жаратылыстану ғылымдарына қызықтыру, сондай-ақ ғылыми-техникалық шығармашылыққа кеңінен тарту.

##### 2.2 Міндеттері

- робототехника, конструкторлық жобалау және бағдарламалау салаларындағы қабілеттері бар дарынды оқушыларды анықтау және қолдау;

- оқушыларға қосымша білім беру мүмкіндіктерін ұсынып, болашақ кәсіби бағыт-бағдарын айқындауға ықпал ету;
- робототехника, IT және ғылыми-техникалық шығармашылық бағыттарының беделін арттыру, инженерлік мамандықтарды жастар арасында насихаттау;
- үздік робототехниктерді, бағдарламашыларды және киберспортшыларды анықтау;
- Қазақстан Республикасы атынан халықаралық аренаға шығатын жоғары қабілетті командаларды қалыптастыру.

### **3. ЧЕМПИОНАТ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ МЕН СЕРІКТЕСТЕРІ**

- 3.1 Чемпионаттың негізгі ұйымдастырушысы – халықаралық «AZ GROUP LLC» компаниясы.
- 3.2 Ынтымақтастық туралы меморандум негізінде «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, «CyberFormula3» білім беру саласындағы IT компаниясы, «Kazakhstan Drone Soccer Association» Қазақстандық дрон-футбол қауымдастығы және International Robot Academy Чемпионатын ұйымдастыру серіктестері.
- 3.3 Қазақстандық командалардың халықаралық кезеңге сапарын ұйымдастырушы қызметін «AZ GROUP LLC» білім беру компаниясы атқарады.

### **4. ЖАС ТОПТАРЫ**

- 4.1 Чемпионат келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:
- Бастауыш мектеп - жалпы орта білім беретін мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарының 1–4 сынып оқушылары;
  - Орта мектеп - жалпы орта білім беретін мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарының 5–8 сынып оқушылары;
  - Жоғары сынып - жалпы орта білім беретін мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарының 9–11(12) сынып оқушылары;
  - Колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері – 18 жастан асқан қатысушылар.
- 4.2 Қатысушылардың жасы қатысу санатына байланысты және ережелерде (5.2.) көрсетіледі.

### **5. БАЙҚАУ САНАТТАРЫ**

- 5.1 Чемпионат келесі санаттар бойынша өткізіледі:
- ❖ **Fibonacci International Robot Olympiad;**
  - ❖ **VEX Robotics Competition;**
  - ❖ **DroneSoccer;**
  - ❖ **CyberSport.**

5.2 Әрбір санаттың ережелерімен

[https://drive.google.com/drive/folders/1oGhezS8zoMwlPylRQ\\_SXPfuMuWP\\_H34Z?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/drive/folders/1oGhezS8zoMwlPylRQ_SXPfuMuWP_H34Z?usp=drive_link) сілтемесі немесе келесі QR - коды арқылы танысуға болады.



5.3 Әрбір санаттағы қатысушы командалар саны шектеулі.

## 6. ЧЕМПИОНАТ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ОРНЫ

6.1 Чемпионат 2026 жылғы ақпан айында өтеді.

6.2 Чемпионаттың республикалық кезеңі халықаралық кезеңге іріктеу болып табылады және Астана қаласында өткізіледі.

6.3 Чемпионаттың өту орны мен уақыты қатысушыларға іс-шара басталғанға дейін кемінде бір апта бұрын тіркеуде көрсетілген электрондық пошта арқылы, топтар мен чаттарға немесе байланыс нөмірлеріне жіберілетін хабарламалар арқылы хабарланады.

6.4 Байқау санаттарының халықаралық кезеңдері:

- ❖ **Fibonacci International Robot Olympiad** халықаралық кезеңі 2026 жылғы 22–26 сәуір аралығында Түркияда (Анталия қаласы);
- ❖ **VEX IQ Robotics Competition** халықаралық кезеңі 2026 жылғы 21 - 30 сәуір аралығында АҚШ-та (Сент-Луис қаласы);
- ❖ **DroneSoccer** халықаралық кезеңі 2026 жылғы 28 сәуір - 2 мамыр аралығында АҚШ-та (Палм-Спрингс қаласы) өтеді.

## 7. ЧЕМПИОНАТҚА ТІРКЕЛУ

7.1 Чемпионатқа қатысу үшін өз санаты бойынша төмендегі сілтемелер арқылы тіркелу қажет:

- **Fibonacci International Robot Olympiad:** *Әр білім беру ұйымынан бір категория бойынша тек 1 команда тіркеле алады.*

<https://forms.gle/Z6Ro3vpp1fdyDyBq8>



- **VEX Robotics competition:**

<https://www.robotevents.com/>



- **DroneSoccer:**

<https://forms.gle/MAAoFLcWuiQpxNJq9>



- **CyberSport:**

[https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdv70OV\\_gbEUecL1MwUor4p3GXN7oeMI-hTOnwOeTDFpsBU2Q/viewform](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdv70OV_gbEUecL1MwUor4p3GXN7oeMI-hTOnwOeTDFpsBU2Q/viewform)



- 7.2 Қатысушыларды тіркеу Чемпионат басталғанға екі апта қалғанда жабылады.
- 7.3 Тіркеу аяқталғаннан кейін командалар құрамын өзгертуге жол берілмейді.

## **8. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 8.1 Қатысушыларға Чемпионатқа тек өздерінің жас топтарына сәйкес қатысуға рұқсат беріледі.
- 8.2 Қатысушылар тіркелу үшін Чемпионат өтетін орынға көрсетілген уақытта келуге міндетті.
- 8.3 Шығармашылық көрсетілім аяқталғаннан кейін 10 минут ішінде команда апелляция беру құқығына ие. Әр командаға апелляция беруге тек бір мүмкіндік беріледі. Шығармашылық көрсетілім аяқталғаннан кейін 10 минут өткен соң апелляциялар қабылданбайды.
- 8.4 Чемпионатқа қатысу осы Ережеде көрсетілген жас санаттарына сәйкес барлық ниет білдірушілерге (*Fibonacci International Robot Olympiad санатынан басқа*) ашық болып табылады. Жаттықтырушы әртүрлі санаттарда бірнеше команданы тіркеуге құқылы.
- 8.5 Қатысушылар жалған ақпарат (дәлелденбеген) берген жағдайда немесе бекітілген ережелерді бұзған жағдайда Чемпионатқа қатысушы мәртебесін жоғалтады.
- 8.6 Қатысушылардың этикаға сай емес немесе спорттық ережелерге қарсы мінез-құлық, сондай-ақ төрешілердің талаптарын орындаудан бас тартуы дөрекілік деп есептеледі және бұл дисквалификацияға әкеледі.

## **9. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 9.1. Ұйымдастыру комитеті тәуелсіз бақылаушыларды тартуға, сондай-ақ жарыстардағы даулы жағдайларда әділ шешім қабылдауды қамтамасыз ету үшін бейне жазбаларды пайдалануға құқылы.
- 9.2. Чемпионат барысында күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда барлық шешімдер ұйымдастыру комитетінің қарамағында қалады.
- 9.3. Ұйымдастыру комитеті Чемпионаттың өткізілу шарттарын, бағдарламасы мен мерзімдерін өзгертуге, қосымша іс-шараларды қосуға құқылы, бұл туралы ресми сайтта республикалық іріктеу кезеңінің басталуына кемінде бір апта және халықаралық кезеңге кемінде бір ай бұрын хабарлануы тиіс.
- 9.4. Ұйымдастыру комитеті қосымша номинациялар, атақтар және жүлделер тағайындауға, сондай-ақ ұйымдастырушылар, демеушілер және басқа да мүдделі ұйымдар мен тұлғалар тарапынан арнайы сыйлықтар беруге құқылы.
- 9.5. Ұйымдастыру комитеті Чемпионат шарттарын бұзған қатысушылар мен командаларды дисквалификациялауға, сондай-ақ төрешілер немесе төрешілер коллегиясының өкілеттіліктерін теріс пайдаланғаны анықталған жағдайда жарыс нәтижелерін жоюға құқылы.
- 9.6. Ұйымдастырушылар Чемпионатқа қатысушылардың жеке заттары мен мүлкі үшін жауапты емес.

## **10. ЧЕМПИОНАТТЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІ, ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ ЖӘНЕ ТӨРЕШІЛЕР КОЛЛЕГИЯСЫ**

- 10.1 Республикалық Чемпионатты жалпы басқаруды «AZ GROUP LLC» білім беру компаниясы жүзеге асырады.
- 10.2 Чемпионатты ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді құрамына «AZ GROUP LLC» білім беру компаниясының өкілдері мен тәуелсіз мамандар кіретін Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады,
- 10.3 Чемпионат Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды атқарады:
  - Чемпионатқа қатысушылар мен командалардың құрамын анықтайды;
  - Чемпионаттың өтуін қамтамасыз етеді;
  - Чемпионат жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды;
  - Чемпионат бойынша ақпаратты ресми сайтта жариялайды;
  - осы Ережеде көзделген басқа да функцияларды орындайды.
- 10.1. Чемпионат төрешілер коллегиясының құрамы:
  - Чемпионат тапсырмаларының орындалуын тексереді және бағалайды;
  - жиналған ұпайларға сәйкес Чемпионат жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін анықтайды және бекітеді;
  - Чемпионат нәтижелері бойынша хаттамаларды жасайды;
  - қатысушыларға төрешілер коллегиясы атынан сыйлықтар мен марапаттар тағайындайды;

- алдын ала қатысушыларды хабардар ете отырып, Чемпионат ережелері мен регламентіне өзгерістер енгізеді;
  - осы Ережеде көзделген басқа да функцияларды орындайды.
- 10.5 Ұйымдастыру комитеті Astana Tech Cup қатысушылары үшін Ережелерді әзірлейді және бекітеді, олар осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады және ресми сайтта жарияланады <https://az-group.kz>

## **11. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ**

- 11.1 Барлық қатысушылар мен Чемпионат жетекшілеріне қатысқаны үшін сертификат табысталады, ал жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар беріледі.
- 11.2 Әр санаттағы жеңімпаздарды анықтау үшін Чемпионат барысында жинаған ұпайлары бойынша қатысушылардың рейтингтік тізімі жасалады.
- 11.3 Жеңімпаздар саны Ұйымдастыру комитеті мен төрешілер коллегиясы тарапынан әр санаттың регламентінде көрсетілген жинаған ұпайлары негізінде анықталады.
- 11.4 Жүлделі орындар мен марапаттар әр санат бойынша бөлінеді.
- 11.5 2025 жылы Римде өткен «Fibonacci International Robot Olympiad» олимпиадасының әлемдік финалында жүлделі орын алған командалар Қазақстандағы «Fibonacci International Robot Olympiad» республикалық кезеңінен өтпей-ақ Түркиядағы халықаралық кезеңге қатысуға құқылы.
- 11.6 Чемпионаттың жалпы нәтижелері 2026 жылғы 1 сәуірге дейін <https://az-group.kz> сайтында жарияланады.
- 11.7 Күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда ұйымдастырушылар нәтижелерді жариялау күнін өзгерту құқығын өздерінде қалдырады.

## **12. ЖҮЛДЕЛЕР МЕН МАРАПАТТАР**

- 12.1 «Fibonacci International Robot Olympiad» санатында I, II және III орын алған, сондай-ақ Judge Award сыйлығын алған командалар Түркияның Анталия қаласында өтетін халықаралық кезеңге қатысу мүмкіндігіне ие.
- 12.2 «VEX IQ Robotics Competition MIX&MATCH» санатында республикалық «Astana Tech Cup» кезеңінде Excellence Award сыйлығын алған командалар АҚШ-тың Сент-Луис қаласында өтетін халықаралық кезеңге қатысуға құқылы.
- 12.3 Республикалық «Astana Tech Cup» кезеңінде «DroneSoccer» санатындағы үздік бес команда АҚШ-тың Палм-Спрингс қаласында өтетін халықаралық кезеңге қатысуға құқылы.

## **13. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ТӨЛЕМ**

- 13.1 Қазақстандағы «Astana Tech Cup» Республикалық Чемпионатына қатысу жарнасы қарастырылмаған (тегін).

- 13.2 Чемпионатқа дайындық және қатысуға байланысты барлық шығындар жіберуші тарап есебінен жүзеге асырылады.
- 13.3 Халықаралық кезеңге қатысуға байланысты барлық шығындар жіберуші тарап есебінен жүзеге асырылады.
- 13.4 «Fibonacci International Robot Olympiad» олимпиадасының және «VEX IQ Robotics Competition» жарысының халықаралық кезеңіне қатысу, сондай-ақ қатысу үшін төлем жасау тек «AZ GROUP LLC» компаниясы арқылы жүзеге асырылады.
- 13.5 DroneSoccer санаты бойынша халықаралық кезеңге қатысу «Kazakhstan Drone Soccer Association» Қазақстандық дрон-футбол қауымдастығы арқылы жүзеге асырылады.

#### **14. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

- 14.1 Чемпионат өткізілетін аумақта тазалық пен тәртіпті сақтауға;
- қауіпсіздік шараларының сақталуын қадағалауға;
  - қоғамдық тәртіпті және мінез-құлық нормаларын сақтауға;
  - іс-шара аумағына кірер кезде қауіпсіздік бақылауынан өтуге міндетті.
- 14.2 Тіркеуден өту үшін Чемпионатқа қатаң түрде белгіленген уақытта келуге міндетті. Кешігіп келген жағдайда команда жарысқа жіберілмейді.
- 14.3 Құрылымдар мен жабдықтарға ұқыпты қарауға міндетті. Мүлікке зиян келтірілген немесе ұрланған жағдайда, ұйымдастырушылар Чемпионат қатысушыларынан келтірілген шығынның құнын өндіріп алуға, сондай-ақ тиісті құқық қорғау органдарына жүгінуге құқылы.
- 14.4 Чемпионат әкімшілігі мен Ұйымдастыру комитетінің талаптарын орындауға міндетті.
- 14.5 Қатысушыларға, ұйымдастырушыларға, төрешілерге, қызметкерлерге және тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұлғаларға құрметпен қарауға міндетті.
- 14.6 Чемпионатқа тек Чемпионат қатысушылары мен командалардың жаттықтырушылары ғана жіберіледі.
- 14.7 Қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әрекеттерден аулақ болуға міндетті.
- 14.8 Командалардың жетекшілері қатысушыларға тұрақты бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.
- 14.9 Чемпионат аяқталғаннан кейін ғимараттардан ұйымдасқан түрде шығуды қамтамасыз етуге міндетті.
- 14.10 Автотранспортты тек арнайы белгіленген жерлерге қоюға міндетті.
- 14.11 Қатысушылар мен қонақтардың жеке басына қауіп төндіретін жағдайларды байқаған жағдайда дереу Ұйымдастыру комитетіне хабарлауға міндетті.
- 14.12 Эвакуация кезінде әкімшіліктің нұсқауларына сәйкес әрекет етіп, сабырлылық сақтауға міндетті.

14.13 Чемпионатқа қатысу арқылы қонақтар мен қатысушылар осы Өткізу Ережелеріне келісіп, оларды сақтауға міндеттенеді.